

Әлеуметтік жобалар Платформасына қатысуға арналған ҮЕҰ өтінімі

1. Ұйым туралы ақпарат

Атауы: «Тұма» Жастар Қоғамдық Бірлестігі	
Облыс/елді мекен: Павлодар обл. Баянауыл ауылы	
Нақты мекен жайы: Ференгер 8	
Байланыс (жұм. және ұялы): 8777 461 91 80	E-mail: baturbek.92@mail.ru
Ұйымның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен күні мен орны: 18 қараша 2008 жыл, Павлодар облысының әділет департаменті	
Ұйым жетекшісінің аты-жөні: Кошкарбаев Батырбек Архарбаевич	

2. Жоба бойынша ақпарат

Жоба атауы: «Таза қоғам – таза мемлекет»
Жоба бағыты: ЭКО-ASAR бағыты бойынша ауылдағы жастар мен балалардың мәселелерін қарастыра отырып, жас ұрпақты экологиялық тазалыққа шақыру
Жобаның/идеяның сипаттамасы: Ауыл жастары мен балаларға арнайы экологиялық білім беруді қолға алу. Экологиялық таза өнімдердің жасалу жолдарын деректі фильмдермен және тәжірибемен көрсету арқылы жас ұрпақты бір жағынан білімге, дағдыға және тазалыққа шақыру. Ауыл шаруашылығындағы экологиялық таза өнімдерді насихаттау арқылы Елбасының бастамасын қолдау және насихаттау.
Жобаның мақсаты мен міндеттері: Баянауыл ауданындағы ауыл жастарына экологиялық білім беру, экологиялық акциялар ұйымдастыру және ауыл шаруашылық өнімдерін насихаттау. Скауттық балалар жасағын жасақтау. Ж.Аймауытов ауылында ауыл балаларымен бірге экологиялық акциялар ұйымдастыратын боламыз. Ол үшін біз тал егу, гүл қондыру жұмыстарын қолға аламыз. Әлемдік деңгейдегі скауттық қозғалыстар бойынша деректі фильмдер көріп, балалар арасында скауттық ұйым құрамыз. Ол ұйымдар экологиялық акцияларды іске асыруда негізгі күш болмақ. Құстарға ұя жасау сынды табиғатқа пайдасы мол көптеген акцияларды іске асырады. Бұл Елбасының 2019 жылғы жолдауында айтылған басты бағыттың бірі еді. Сонымен бірге таза экологиялық өнімдерді, яғни құрт жасау, қымыз пісу, май өндіру, ет өндірісін қолға алуды тәжірибе негізінде ауыл жастарына көрсетеміз.
Шешуге қойылатын мәселе: Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Экологиялық тәрбие бере отырып, патриотизмге

тәрбиелеу, отанды сүйеге баулу. Ауылды насихаттау және табиғатын жақсарту, жасылдандыру жұмыстарына үлес қосу.

Күтілетін нәтиже: Бүгінгі таңда ауылда экологиялық жұмыстар мүлде жоқ. Жасылдандыру жұмыстарын қолға алу маңызды. Ауылды қоқыстан таза ұстау, табиғатты аялау мен балаларға таза өнімді насихаттау өзекті. Скауттық топтарды құру күн тәртібінде болуға тиіс. Скауттық топтар жоқ. Міне, бұл жоба сол мәселелерді шеше алмақ. Ауыл жастарының ауылға, еліне деген сүйіспеншілігі артады. Бос уақытын тиімді өткізе отырып, ұжыммен жұмыс жасауды үйренеді.

Жобаны жүзеге асыру орны: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ж.Аймауытов ауылы.

Жобаны жүзеге асыру мерзімі: Шілде - қазан

Қажетті сома: 2 800 000 теңге

Жобаның әлеуметтік инновацияға және жергілікті қоғамдастықтардың дамуына қосатын үлесі: Бұл жобаны іске асыру арқылы ауылдың тыныс тіршілігі жақсаратыны анық. Себебі ауылда жасыл желек көбейе түседі. Ағаш пен тал саны артады. Ауылды жасылдандыру әр өңірді жасылдандыру мақсатымен тура сай келеді. Сонымен қатар ауыл балалары жазда бос жүрмей, экологиялық білім алып, білім базасы кеңейеді, тәжірибе жинайды. Әрі өскелең ұрпақ патриотизмі артады. Ол «Рухани жаңғырудың» «Атамекен» бағдарламасына сай келеді.

Жетекшінің аты-жөні және қолы

Тапсыру күні 27.05.2019

Мөр орны

Кошкарбаев Б.А.

